



9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропологиядағы пікір-
таластар





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологиядағы пікір-таластар
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: Тарихи антропология ғылымында өзге де ғылым салалары сияқты пікірталастар аз емес. Осы дәрісте біз тарихи антропологияның өзі өзін айқындау жолындағы әр түрлі пікірлер мен пікірталастарға көңіл бөлеміз.

Негізгі идеялары:

1.Тарихи антропологияның өз өзін айқындау жолы (70-80 жж.)

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Ж.Ле Гоффың 1972 жылы шыққан және 1977 жылы «Другое средневековье» жинағында қайта басылған, жоғарыда аталған «Историк и человек повседневности» атты мақаласын бастапқы нүкте ретінде қабылдауға болады. Ең алдымен, бұл бағдарламалық мақалада автор екі ғасырдан астам уақыт бойы «ажырасып кеткен» тарих пен этнология (Ле Гофф «тарихтың атасы» Геродот «этнологияның да атасы» болды дейді; тек прогресс жолымен келе жатқан «өркеніетті» халықтар тарихшылардың зерттеу нысаны болып есептеле бастаған Ағарту дәуірінде ғана екі ғылыми пәннің жолы ұзаққа, екіге айырылды; XIX ғасырдан бастап этнологтар «жабайы» тайпаларды зерттей бастады) бүгінде қайтадан жақындасып жатыр деп баяндайды. Бүгінде жаңарған тарих «этнологиялық» тарихқа айналу үрдісін бастан кегіріп жатқанын байқауға болады. Осы этнологиялық көзқарастың көмегімен тарихшы өзінің зерттеу саласында не аша алады?

Ле Гофф, біріншіден, этнология оқиғаны одан түбегейлі шеттете отырып немесе қайталанатын оқиғалардан, күнтізбелік мерекелерден және салтанаттардан тұратын тарихты көрсету арқылы тарихтың хронологиялық көрінісін өзгертеді деп есептейді. Тарихтың кезеңдері жіктеуді талап етеді және ұзақ мерзімге созылатын (la longue duree) салаға, Ф.Бродель жазғандай, тіпті жылжымайтын уақытқа ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Тарихи этнология өмір сүру салтына жүгіне отырып, тарихи эволюция барысында бәрінен аз өзгеретін нәрсе ретінде қарастырылатын ментальдықты зерттеуге табиғи түрде алып келеді.

Этнология тарихшының тарихи қоғам делінетін ортада анық емес, бұлыңғыр бейнеде көрінетін белгілі бір әлеуметтік құрылымдардың (отбасылық, туыстық, жас-жыныс топтық және т.б.) қалай әрекет ететінін түсінуге көмектеседі. Этнологиялық тарих сондай-ақ бұрынғы және бүгінгі сиқырға байланысты, харизмалық элементтерді қайта бағалауды да білдіреді (бұл жерде Ле Гофф М.Блоктың әулие-корольдар туралы еңбегі мен оның жолын жалғастырушылардың жұмысына сілтеме жасайды). Оның үстіне этнологиялық көзқарас тұрғысынан, бірінші кезекке өмір сүру салты тарихы шығады. (Әрі қарай Ле Гофф техника, дене-бітім, киім, баспана және т.б. тарихын зерттеудің тұтас бағдарламасын белгілейді). Ақырында, этнология тарихи ғылымда компаративистік және ретроспективті тәсілдердің таралуы, сондай-ақ, еуропацентристік көзқарастан арылу сияқты үрдістердің пайда болуына жағдай туғызады.

Ле Гофф, сонымен бірге, тарихтың этнологиямен ынтымақтастығының өзіндік шегі бар және этнологиялық тәсілдің тарихқа жай ғана ауысуының белгілі бір қолайсыздыққа ұшырататын қиындықтары мен қауіп-қатері бар екенін деп атап көрсетті. Бұл терминологияға да, сондай-ақ, этнология ықпалымен сызықтық және үздіксіз прогресс қиялынан құтылу, эволюциялар мен өзгерістер мәселелеріне ден қою қажеттілігіне де қатысты.

Ле Гофф көрсеткен «этнотарих» дамуының бағдарламасы (1977 жылдан бастап ол басқа, яғни тарихи антропология терминін пайдалануды ұйғарады (М.Блок кітабына алғысөз), оның «Анналар» журналы редакциясы бойынша әріптесі А.Бюргер «Новая историческая наука» (1978) энциклопедиясындағы мақаласында баяндаған бағдарламаға өте жақын. Тарихи антропология ізашарлары туралы егжей-тегжейлі әңгімелей отырып (мұндай тәсілдің орындылығы талқыланды), А.Бюргер бұл бағыттың сипаттамасына көшеді: оның пікірінше, тарихи антропологияны: физикалық (дене қимылын қосқанда), тағамдық, эмоционалдық, ментальдық әдеттер тарихы деп анықтауға болар еді. «Қысқасы, - дейді автор, - қандай әдет ментальды емес?» Алайда Бюргер талқыланып отырған бағытқа толық анықтама бергісі келмейді, себебі, тарихи антропология оның кез келген пәндік аясына қарағанда тарихи ғылымның қазіргі кезеңіне көбірек сәйкес келеді деп болжайды. «Тарихи антропологияның өзіндік төл аумағы (domaine propre) жоқ», - деп тұжырымдайды француз ғалымы, сондай-ақ жаңа тәсіл табысты түрде қолданылып жүрген: тамақтану тарихы, дене-бітім тарихы (аурулар мен сексуалды мінез-құлқын, т.б. қоса алғанда), отбасы тарихы сияқты бірқатар саланы тізіп көрсетеді. Алайда бүгінгі анағұрлым жемістісі - ментальдықты зерделеу саласындағы тарихи-антропологиялық зерттеулер деп мәлімдейді автор.



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологиядағы пікір-таластар
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Өзінің тарихи антропология туралы түсінігін А.Бюргьер 1986 жылы өзінің редакциясымен шыққан «Словарь исторических наук» үшін жазған мақаласында нақтылады. Ол тарихи антропологияны «Мінез-құлық пен әдеттер тарихы» деп нақтылады және оның оқиғалық тарихтан айырмашылығы - ол мінез-құлық тарихы, яғни қайталанбалының (ым-ишараның, салт-жоралардың, ойлардың) тарихы; «сонымен қатар, оның институция тарихы мен шешім [қабылдау] тарихынан айырмасы - ол мінез-құлық тарихы» деген анықтама берді. Тарихи-антропологиялық зерттеулер бағыттарын (биологиялық антропологияны, экономикалық, әлеуметтік және т.б.) жан-жақты сипаттай келе, Бюргьер мақаласын: «Бүгін біздің тарихи антропология деп жүргеніміз М.Блоктың ментальдық тарихы үшін болжаған бағдарламаны жүзеге асырудан басқа ештеңе болмауы мүмкін» деген едәуір тосын сөзбен бітірді.

Осы арада аталған бағыттар - тарихи антропология мен ментальдық тарихының ара қатынасы қандай? Біріншісі - аты жаңа, бірақ сол екіншісінің жай ғана жалғасы және дамуы емес пе? деген орынды сұрақ туындайды.

«Анналар» мектебінің эволюциясын мұқият зерттеген, Франциядан тысқары жердегі зерттеушілердің көпшілігі «әңгіме сол баяғы бір бағыт туралы ғана болып жатыр» деп есептеуге бейім болды. 70-80 жылдардың басында В.Лепенис, М.Эрбе және т.б. неміс тарихшылары осындай пікірді ұстанды, олар француз тарихнамасының тәжірибесіне сүйене отырып, тарихи антропологияның негізгі міндеті менталитетті зерттеу деп есептеді. А.Я.Гуревич және М.А.Барг сияқты, ресейлік көрнекті медиевистер де осы сынайлас пікір айтты. А.Я.Гуревичтің тарихи антропологияның зерттеу пәні мен міндеті туралы түсінігі жөнінде ерекше айта кеткен абзал.

2. Италияндық А.Я.Гуревич тұжырымдары

А.Я.Гуревич шығармашылығы «Анналар» мектебі дәстүрлерімен қатты үндес. Оның жетістіктерін біздің елімізде таратуға Арон Яковлевич көп қажыр-қайрат жұмсады. Гуревичтің өзі мойындағандай, оның ғалым ретіндегі эволюциясы француз әріптестерімен бағыттас болды, яғни аграрлық және әлеуметтік тарихтан - ментальдық және мәдениет тарихына қарай дамыды. 70-90 жылдары зерттеуші ортағасырлық әлемнің уақыт пен кеңістікті қабылдау, өмір мен өлімге, еңбекке, кедейлік пен байлыққа, жеке адамның тұлғасын айқындау сияқты басқа да көптеген қырларын айқындауға септігін тигізген кітаптардың тұтас сериясын жариялады. А.Я.Гуревич тұжырымындағы әлем бейнесі - ментальдық пен пән тарихының негізгі категориясы. Осынау көрнекті зерттеушінің ойынша, бұл категория әлеуметтік тарих пен мәдениет тарихының синтезін мүмкін етеді, зерттеушінің өткен дәуірлер адамдарымен диалогіне жағдай туғызады.

1984 жылы алғашқылардың бірі болып, отандық ғылыми қауымдастықты қайтадан пайда болған ғылыми бағытты білдіретін «тарихи антропология» терминімен таныстырды. Алайда сонымен бірге, жаңа пәннің мазмұны, оның Гуревич түсіндірмесіндегі зерттеу аясы баяғыша - ментальдық тарихы болып қалды. Бұл бағыттың біздің еліміздегі тұңғыш манифесті деп есептеуге болатын «Историческая наука и историческая антропология» (1988) атты мақаласында А.Я.Гуревич: «Тарихи антропологияның негізгі міндеттерінің бірі - әртүрлі кезеңдер мен мәдени дәстүрлерге тән әлем бейнесін біріктіру» деп жазды. 1989 жылы «Вестник АН СССР» бетінде жарияланған, осы тақырыптағы келесі мақалада «адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын» және «адамның жеке тұлғасын социум аясында зерттеу» жаңа бағыт мақсаттарының бірі ретінде аталды: алайда осы арада А.Я.Гуревич адамдардың мінез-құлқы объективті шындықпен ғана емес, сонымен қатар көп мөлшерде олардың дүниені субъективті қабылдауы, яғни тағы да сол ментальдық арқылы анықталады деп көрсетеді. «Тарихи-антропологиялық зерттеулер» тақырыбының бұдан әры қарайғы тізбесінің дәл сол автор өзінің басқа еңбектерінде келтірген, ментальдық тарихын зерттеу тақырыбына қызмет ететін «адамдардың негізгі түсініктерінің» тізімінен шын мәнісінде ешқандай айырмашылығы жоқ. А.Я.Гуревич осы екі бағыттың ара салмағына деген өз көзқарасын ары қарай да сақтап қалды: «Анналар» мектебі туралы кітапта (1993) ол ментальдық тарихының «әлем бейнесін қайта құруды мақсат еткен» тарихи антропологияға ұласқанын жазды.

Мұндай түсіндірме бойынша тек ат ауысқан болып шығады. Ж.Ле Гофф пен А.Бюргьердің жоғарыда мысал келтірілген, 70-80 жылдардағы мақалаларынан көрініп тұрғандай, мұндай түсіндірмеге француз тарихшыларының өзі жол бергенін мойындау керек, өйткені олар туыстас екі бағыттың ара жігін ажыратуға әрекет жасамады. Сондай-ақ А.Бюргьердің 1983 жылы жазған мақаласында тарихи антропологияның ментальдық тарихын ығыстырып бара жатқаны туралы арасында айтқан ойын еске алған да орынды.

А.Я.Гуревичтің 1991 жылы желтоқсандағы сұқбат барысында: «ментальдық тарихын» «тарихи антропология» ұғымымен ауыстыруда әлдебір ішкі мағына бар ма немесе бұл түсініктер бір-бірін өзара



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологиядағы пікір-таластар
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

алмастыра ала ма?» деген сұрағына Ж.Ле Гоффтың жауабы тіпті қызығырақ. Ле Гофф: «ментальдық тарихы мен тарихи антропология біріне-бірі ешқашан араласып кеткен емес. Олар шамамен қатар пайда болды, бірақ әртүрлі мақсаттар мен нысандарға сәйкес келді. Тарихи антропология тарихтың ғаламдық тұжырымдамасын білдіреді. Менталитетті, материалдық өмірді, антропология ұғымы төңірегіндегі күнделікті ахуалды зерттеуді біріктіре отырып, ол «жаңа тарихи ғылымның» барлық жетістіктерін қабыл алады. Дене, ым-ишаралар, ауызекі сөз, салт-жора, символика, т.б. зерделеу сияқты зерттеудің жаңа салаларын қамтиды. Ментальдық болса, ой-сана мен мінез-құлықтың дағдылы түрін зерттеумен ғана шектеліп қалған.

Ж.Ле Гоффтың «Ментальдық тарихы мен тарихи антропология ешқашан араласып кеткен емес» деген үзілді-кесілді тұжырымы талас тудырмай қалған жоқ: дәл керісінше, «Анналар» мектебі тарихшыларының, оның негізін қалаған Л.Февр мен М.Блоктан бастап, Ж.Ле Гоффтың өзінің еңбегінен де, араласудың немесе нақтырақ айтқанда, осы екі бағыттың анық емес бөлінісінің көптеген мысалын табуға болады. «Жаңа тарихи ғылым» көшбасшыларының бірінің мысалға келтірілген пайымы 90 жылдардың басына қарай көрініс берген нақты үрдісті - ментальдық тарих саласын шектеу үрдісін сипаттайды. Ж.Ле Гоффтың ментальдық тарихы тарихи антропология зерттеу мәселесінің бір бөлігі ғана деген пікірімен әріптестерінің барлығы бірдей келіспеген болуы мүмкін, алайда 80 жылдары Франциядағы және өзге де елдердегі көптеген ғалымдар бұл терминнің эвристикалық мүмкіндіктері мен онымен байланысты бағыттан көңілі қалғандай күй кешті.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. - Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal methodology. Chicago, 1965.